

**Қарасай ауданы бойынша ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 08 маусымдағы N 7-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 маусымда N 2-11-122 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 қарашадағы № 12-14 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 06.11.2012 № 12-14 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 4-тармағы 8) тармақшасына, 18-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 –тармағы 15) тармақшасына және Қарасай ауданының 2012 жылғы 6 сәуірдегі N 01-19/639 ұсынысына сәйкес Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қарасай ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін .

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың " Бюджет, қаржы, әлеуметтік экономикалық даму, нарықтық құрылымдарды, экономика мен кәсіпкерлікті қалыптастыру жөніндегі" тұрақты комиссиясына (А . Сексенбаева) жүктелсін .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессиясының төрағасы*

*Қарасай аудандық мәслихат  
Қ. Қатубаев*

*мәслихаттың хатшысы*  
КЕЛІСІЛДІ:

*Қ а р а с а й                    а у д а н д ы қ*  
*А. Сыдық*

*бөлімінің бастығы*  
08 маусым 2012 жыл

*Қарасай            ауданының            экономика*  
*және            бюджеттік            жоспарлау*  
*Хамитов Азат Нұрхасенұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК